



БЕКІТЕМІН
«Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң
университеті» Білім мекемесінің ректоры
Ш. А. Құрманбаева
2018 ж.

«Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті» білім мекемесінің білім алушысының ар-намыс кодексі

«Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті» білім мекемесінің (бұдан әрі – Университет) білім алушысының ар-намыс кодексі (бұдан әрі – Кодекс) білім алушылардың академиялық мінез-құлқының стандарттарын белгілейді және осы Ережелерді бұзды деп айыпталған кез-келген білім алушы үшін әділдіктің негізгі кепілдігін беретін рәсімдерді қамтамасыз етеді.

Осы Кодекс Университет Миссиясына және Жарғысының ережелеріне, Қазақстан Республикасының Заңдарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құжаттарына негізделген.

Осы Кодекстің ережелері университеттің барлық білім алушыларына (студенттерге, магистранттарға, докторанттарға) қатысты қолданылады.

Университеттің білім алушыларының қатарына кіре отырып, білім алушы Университеттің имиджін жан-жақты нығайтады және абыройын сақтайды. Әрбір білім алушы осы Кодекстің ережелерін қабылдайды және оның мынадай ережелерін бұзжытпай ұстанып, орындауға міндеттеледі:

1. Білім алушы Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Университет Жарғысына және Университеттің басқа да нормативтік құжаттарына бағынады.

2. Білім алушы өз бойындағы жеке шығармашылық қабілеттерін дамытып, өзі таңдаған мамандығының кәсіби шебері болуға, Қазақстан Республикасына лайықты азамат болуға ұмтылады.

3. Білім алушы Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін, ұлттық мәдениетін, Қазақстан мемлекеттілігін және тарихын біледі және қастерлейді. Университеттің құндылықтары мен дәстүрлерін сақтайды және арттырады.

4. Білім алушы Университет әкімшілігіне және қызметкерлерге, профессорлық оқытушылық құрамға, басқа білім алушыларға ұқыптылық және сыпайылық танытады.

5. Білім алушы кез келген адамға оның шығу тегі мен ұлтына, әлеуметтік мәртебесіне, діни немесе дүниетанымдық ұстанымдарына қарамастан құрметпен қарайды.

6. Білім алушы Университет аумағында оқу ғимараттарында, жатақханаларда алкогольді ішімдіктерді ішу, шылым шегу және балағат сөздерді айту, Университетте мас күйінде жүруден, өзгелердің біреуге қолдануға көрсету немесе күш көрсету актілеріне қатысумен, бірін-бірі қорлау,

мәдениетсіз мінез-құлық көрсетуден, біреудің мүлкін ұрлаудан бас тартуға міндетті.

7. Білім алушы міндетті оқу сабақтарына қатаң түрде қатысуға, білім беру бағдарламасы мен оқу жоспарында қарастырылған тапсырмалардың барлық түрлерін уақытында орындауға тиіс.

8. Білім алушы өзінің оқу міндеттерін қатаң орындайды, этикалық, академиялық және құқық бұзушылыққа жол бермейді, соның ішінде:

8.1. плагиат;

8.2. жалған құжат жасау;

8.3. шпаргалка және электронды құрылғыларды (телефон, микронаушниктер, электронды сағаттар және т.б.) пайдалану, білімді бақылаудың әртүрлі түрлерінің барлық деңгейлері оту барысында біреуден көшіру;

8.4. жоғары баға алу үшін туыстық немесе қызметтік байланыстарды пайдалану;

8.5. білімді бақылау кезінде бөтен тұлғаның атынан өту;

8.6. оқытушыны алдау және оған құрмет көрсетпеу;

8.7. себепсіз сабақтан қалу және кешігу.

9. Білім алушы Университет мүлкінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді және вандализмге жол бермейді.

10. Білім алушы ұқыптылықты сақтайды және оның сыртқы түр келбеті эстетикалық нормаларға сәйкес келеді.

11. Білім алушы салауатты өмір салтын ұстанады, өзінің физикалық, мәдени және адами деңгейін жоғарылатуға ұмтылады, ЖОО қоғамдық-мәдени өміріне, ғылымға және спортқа, Университет және жатақхана мен оның аумақтарын көгалдандыру және абаттандыру іс-шараларына белсенді қатысады.

12. Білім алушы елде тұрақсыздық орнатуға бағытталған ақпараттың таралуына жол бермеуі, сонымен қатар заңмен рұқсат етілмеген жиналыстарға, демонстрацияларға, митингілерге, ереуілдерге, акцияларға және шерулерге қатыспауы тиіс.

13. Білім алушы университет мүддесіне қайшы келетін және Университет абыройы мен беделіне нұқсан келтіретін кез келген іс-әрекеттен алшақ ұстайды.

14. Білім алушы Кодекстің ережелерін бұзу анықталған жағдайда, оны өз күшімен жол бермеуге тырысады немесе Университет әкімшілігін немесе студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарына хабарлауы қажет.

15. Университет жоғарыда айтылғандар негізінде осы Кодекстің нормаларын бұзған білім алушыларға қатысты келесі тәртіптік жазаларды қолдана алады:

15.1. ескерту;

15.2. сөгіс;

15.3. қатаң сөгіс;

15.4. Университеттен шығару.